

**Шымкент қаласы бойынша 2025 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы)
өнімділігі мен өнім сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді
дамытуды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы**

Мерзімі біткен

Шымкент қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 18 наурыздағы № 1360 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2025 жылғы 26 наурызда № 234-17 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағының 5-14) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28188 тіркелген) 2022 жылғы 24 мамырдағы № 180 бұйрығына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шымкент қаласы бойынша 2025 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігі мен өнім сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдері бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шымкент қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

Г. Сыздықбеков

Келісілді

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрлігі

Шымкент қаласы әкімдігінің
2025 жылғы "18" наурыздағы
№ 1360 қаулысына қосымша

Шымкент қаласы бойынша 2025 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігі мен өнім сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдері

№	Субсидия түрлері	Өлшем бірлігі	Балық өндіру көлемі	Субсидияланатын азық көлемі	Субсидия сомасы (теңге)
1	2	3	4	5	6
1	Балық азықтарын сатып алу шығыстарын өтеу субсидиялары (албырт, бекіре, тұқы, жайын тұқымдас балықтар мен олардың будандары үшін)	килограмм	115 079,37	138 095,2	29 000 000,0